

**Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезі Хатшылығының үшінші отырысын өткізуге қаражат бөлу және қазақстандық виза берген кезде оның қатысушыларын консулдық алымдардан босату туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 30 мамырдағы N 149-ө  
Өкімі

2005 жылғы 1 - 2 маусымда Алматы қаласында Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезінің Хатшылығы үшінші отырысының (бұдан әрі - отырыс) өткізілуіне  
б а й л а н ы с т ы :

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

- 1) отырысты өткізуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен, оның ішінде: отырысқа қатысатын ресми делегациялардың мүшелерінің 2005 жылғы 30 мамыр - 5 маусым кезеңінде Алматы қаласында қонақ үйде тұруына; ресми делегацияның мүшесі ағылшын шіркеуінің епископы К.Н.Бейнстің Лондон - Алматы - Лондон, ресми делегацияның мүшелері әл-Азхар жанындағы ислам зерттеулер академиясы бас хатшысының орынбасары шейх Омар Исмаил Омар Салемнің және ислам істері жөніндегі Жоғарғы кеңестегі вакуфтар министрінің кеңесшісі Мұхаммед Әбділғани Морси Шаманың Каир - Стамбул - Алматы - Стамбул - Каир бағыты бойынша көліктік шығыстарына 5576320 (бес миллион бес жүз жетпіс алты мың үш жүз жиырма) теңге сомасында қаражат бөлсін;
- 2) отырысқа қатысатын ресми делегация мүшелеріне консулдық алымдар алмастан, белгіленген тәртіппен қажетті жол жүру құжаттарын ресімдесін.

*Премьер-Министр*